

№31
(7768)

6 тамыз,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ
ҚАЗЫБАЕВ АСҚАР ҚАЙЫРҒАЛИҰЛЫНЫҢ
ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ
АУДАН ЖҰРТШЫЛЫҒЫН ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті ойылдықтар және аудан қонақтары!
Баршаңызды ұлық мереке – Құрбан айт мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!
Құрбан айт – барлық мұсылмандар үшін ұлық мереке. Бұл – елдің береке-бірлігін бекемдейтін, қанағат пен қайырымдылықты арттыратын мейрам.
Бұл күні өр мұсылман Алла разылығы үшін құрбан шалып, дініне, иманына адалдығы мен шынайы ықыласын білдіреді. Құрбандық шалу адамды шүкіршілік пен тәубаға, аманатқа, адалдық пен серт беріктігіне шақырады.
Ислам діні барлық істе салиқалылық пен сабырлыққа үндеп, шектен шығуға, өзеге қиянат жасауға жол бермейді.
Ата дініміз бен салт-санамызды сақтай білген халқымыз қандай қиын замандарды басынан өткерсе де имандылық пен инабаттылықтан аттап өтпей, адамгершілік құндылықтарды жоғары ұстаған.
Тұңғыш Президентіміз, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүннитіміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та өлемдегі ең ізгі дін – ислам дінін қадырлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал» деп атап өткені баршаныңа мәлім.
Бейбітшілік белдеуіне айналған елімізде Тәуелсіздікпен бірге түлеп, халқымызға қайтып оралған дәстүрлі дініміз кеңінен қанат жайып келеді.
Рухани құндылықтарымыздың мерейін асқақтататын игі істер аудан өңірінде де атқарылууда.

Құрметті жерлестер!
Ұлық мереке ниеттеріңізді қабыл етіп, әрбір шаңыраққа құт-береке, мол ырыс пен ынтымақ өкелсін!
Келешегіміз кемел, жүзіміз жарқын болсын. Әрдайым еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем, бауырымыз бүтін болсын!
Құрметпен,
Ойыл ауданының әкімі А.Қазыбаев

ХАБАРЛАНДЫРУ

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!!!

Құрбан айт мерекесі құтты болсын ағайын!
Елімізде Құрбан айт мерекесі 2019 жылдың 11-13 тамыз күндері тойланады. Құрбан айт намазы Ойыл аудандық Көкжар мешітінде 11-тамыз күні, таңғы сағат 07.00-де оқылады.
Құрбандық шалу рәсімі Құрбан айт намазынан кейін басталып, құрбандық шалынады. Құрбандық шалу орны МТМ-ға жақын мал сою пункті.
Мерекелік шарада ұлттық спорт ойындары мен мерекелік ас беріледі.
Баршаңызды Құрбан айт мерекесіне шақырамыз!
Әтетін орны: Ойыл аудандық орталық мешіті
2019 жылғы 11 тамыз сағат: 09.00

КЕЛІННІҢ БЕТІН КҮНДІЗ АШАДЫ!



Көп адам асылай дейді. Келіннің беті күндіз ашылады. Тіпті ауырған адамның көңілін сұрауға тұс аумай барады. Біз неші ұмытып жүрміз? Салт дәстүр, өдет-ғұрыпқа келгенде немқұрайлы қараймыз. Ырым кайда, тиым қайда? Ырым десе ымба түсінбей, тиым десе тиылмай қалдық. Неге қоймаймыз осындаймызды?
«Келіннің бетін түнде ашуға болмайды», - деп талай рет қақсап келеміз. Бірақ оны біріміз бірдей ескеріп жатқан жоқпыз. Осындай салт-жоралғыдан аспайтындар арамызда аз. Шынтуайтына келгенде қазір түнде тарсыл-түрсіл музыкамен келіннің де, тойға келгендердің де мыын ұрып тұрып беташар рәсімін өткіземіз. Одан қалса, келіннің көкірдігін беру үшін алыс-жақын ағайынның атын атап, түсін түстеп тұрып шақырамыз. Неге олай? Той қонақтарының атын жіпке тізгендей атап шығамыз? Әлде той десе қу басын домалатып келетін ағайын бірі-бірін танысын дейміз бе? Ол үшін қам жеудің қажеті шамалы. Танысатын уақыт бар. Тілек айтатын

кезде құда-жегжат, нағашы-жиен, ағайын-туыс, көрші-көлем өз-өздерін онсызда таныстырып өтеді емес пе? Беташар рәсімін бұрын бабаларымыз қоржынға ақша салу үшін емес, келін иіліп, сөлем салуы үшін жасаған. Үлкендер жаңа түскен жас келінге ақ батасын беріп, өнеге болатын өсиетін айтып отырған. Келіннің бетін ел ішіндегі ауызы отты, сөзге шешен серілер ашқан. Келінге өсиет айтып, отбасылық өмірдің қиындығы мен қызығын, жұптасып өмір сүрудің сырларын түсіндіріп, әдептен озбай, келіндік міндеттерін адал атқаруы үшін отбасы құндылықтарын сана-сына күйған. Ал, қазір біз хит өндердің жетегінде кеттік. Айқайлап, шыңғырып, домбырамызды сабаалап, ақыр соңында сол бір ауызға оңай ағу-ғойдан аса алмаймыз. Рас, рухани жаңғыру деген бар. Бірақ рухани жаңғыру жаңалық ашу емес. Өткенді жоққа шығармау. Қасиетті өнерімізді, салт-дәстүрімізді ұлықтау екенін ұмытпайық!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ҚҰРБАН АЙТ – ҚҰТТЫ МЕРЕКЕ

Аса қамқор ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!
Құрбан араб тілінде «Жақындау» - дегенді білдіреді. Яғни жасаған сауап істері арқылы, жүректі тазартып, Аллаға жақындай түсу. Ал, шариғаттағы терминдік мағынасы – «Шарттармен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» - дегенге саяды.

Құрбандық мәнісінің кеңдігін түсіну үшін Діннің не екенін, құлшылықтың не үшін жасалатынын жақсы білген жөн. Мына кең байтақ өлемді жаратқан құдіретті Іе саналы пенделерін бекерге жаратпаған. Олардың қоғам құрып, дұрыс өмір сүруі үшін тура жол көрсетіп, дін жіберген. Қасиетті кітабы Құранда **«Мен жың тайпасы мен адам тайпасын өзіме құлшылық жасасын деп жараттым»** (Зәрият сүресі, 56 – аят). Демек, құлшылық жасаудың түп мәні – Жасаған Иенің жарлығына бағыну, разылығына ұмтылу, сауап жинау.

Қадірі асқан құрбан айтты мал шалудың үкімі - Ханафи мәзһабында (шамасы жеткендерге) міндет. Міндет екенінің дәлелі Алла тағала Құран Көрімде **«Намаз оқы, құрбан шал»** (Кәусар сүресі, 3- аят) - деп бұйыруы құрбан шалудың міндеттілігін білдіреді. Пайғамбарымыз с.а.с. **«Кімде кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!»** - деп бұйырған. Өрине мұндай қатаң ескерту, кем дегенде құрбан шалудың міндеттілігін білдірсе керек.

Құрбан шалу жалғызға бірдей міндет емес, себебі Ислам діні ондай күштеу мен зорлықтан мүлдем ада. Олай болса, Құрбан шалу – ең бірінші балиғат жасқа толған, дәулеті асып-тасымаса да, негізгі қажеттерден тыс, нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болған мұсылманға міндет (үәжіп). Нисап мөлшері – 85 грамм алтын немесе осы құнға тең келетін ақшамен есептеледі. Яғни, 85 грамм алтын сатып алуға қаражаты жететін кісілер ғана құрбан шалуы тиіс. Ендеше тапқаны күнделікті қажет-

терінен артылмайтын, сондай-ақ сапарда жүрген кісіге құрбан шалу шарт емес.

Осы ретте құрбандыққа шалуға болатын және болмайтын мал түрлерін атап өтсем. Қой, ешкі, сиыр және түйе малдарына ешқандай дау жоқ, яғни, осылар құрбандыққа жарайды. Алайда олардың жасында да белгілі бір өлшем бар. Нақты айтсақ, қой бір жасар, ешкі кем дегенде бір жастан асуы тиіс, сиыр – екі жасар, түйе – бес жасар болуы керек сондай-ақ, сиыр мен түйені жеті адам бірігіп шалса немесе бір ғана адам да шалса болады. Оған қоса, олардың жетеуі де құрбан шалуға ниет етуі қажет. Джабир риуаят еткен, Пайғамбар(оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: **«Сиыр жеті адамның атынан құрбан-дықта шалынады және түйе де жеті адамның атынан құрбан шалынады»**. (Әбу Дауд, ән-Насаи). Бірақ егер алты-жеті айлық кепе қозы бір жасар қой сияқты семіз, етті болса, құрбандыққа шалуға жарайды. Қой мен ешкінің еркегін, сиырдың ұрғашысын шалған абзал.

Құрбандықты жарамсыз ететін малдар: елік, арқар сияқты аңдар мен тауық, қораз, қаз, үйрек сияқты құстар құрбандыққа жарамайды. Сонымен қатар, құрбандық малының екі немесе бір қазы соқыр, өлсіз, көтерем, екі құлағының не бір құлағының басым бөлігі жоқ болса, тістері түгелдей немесе бір бөлігі түсіп қалған, қос мүйізі немесе бір мүйізі түбінен сынып қалған болса, жілігі майсыз, ауру екені анық болса, құрбандыққа жарамайды. Құрбандыққа жететін малдың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, үшінші күні ақша намазына аз уақыт қалғанға дейін жалғасады. Ал айт намазының алдында шалынса, құрбан болып есептелмейді. Бұған дәлел Бухари риуаят етілген хадис-

те: **«Кімде-кім айт намазынан бұрын құрбан шалған болса, құрбанын қайта шалсын!»**— делінген.

Құрбан ретінде шалынатын малды бауыздамас бұрын ниет етіп, Алланы ұлықтап, малды бауыздайтын пышақты жақсылап қайрап, «Бисмилләһ, Аллаһу ақбар!» - деп бауыздайды. Құранда **«Кімде кім Алланың нышандарын (белгілерін) ұлықтаған болса, күдіксіз бұл жүректегі тақуалықтан»** - деп айтылады (Хаж сүресі, 32-аят). Хадисте Пайғамбарымыз (с.а.с) **«Құрбан шалатын адам шаған қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын»**.

Құрбанға шалынған мал етінің бір бөлігін өзі алуына, бір бөлігін туыстарына, бір бөлігін мұқтаж кісілерге беруіне болады. Егер отбасы үлкен болса, өзі алуына рұқсат, тарату міндет емес. **Құрбандық етін ілім алушыларға, жолаушыларға да беруге рұқсат етілген. Ал мұқтаж адамды елеусіз қалдырып, мұқтаж емес адамға беру орынсыз саналады. Құран Көрімде құрбанның еті турасында былай дейді: «Құрбанның етінен өздерің жөңдер әрі мекендер мен кедейлерге жегізіңдер»** (Хаж сүресі, 22-28 аят).

Осы орайда, шектік беру мәселесін айта кеткен жөн. Еліміздің кейбір аймақтарында бақилық болған жақындарына арнап Құрбан айттан бұрын мал сойып, туған-туыс немесе ауыл қарияларын асқа шақырады. Бұны бізде «шек беру» дейді. Шекте қайтыс болған кісілердің аты аталып, еруақтарына құран бағышталады.

Өлген кісіге сауап болсын деген мақсатпен мал сойып, құрбан шалу шариғатта да бар. Бұған дәлел, Әбу Дәудте келген бір хадисте Әзірет Әлі Пайғамбарымыздың да рухына арнап белек бір қой құрбанға шалғаны айтылады. Сондықтан шек беріп, сауабын өлген кісіге бағыштау шариғатқа теріс емес.

Дегенмен, қазіргі кезде құрбан

Аудан өкімінің 01.08.2019 жылғы №296/243 өкімі Меруенов Серік Төлегенұлы 2019 жылғы 1 тамыздан бастап «Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Е-Р-1 санатындағы бөлім басшысы лауазымына тағайындалсын.

ӨМІРБАЯНЫ

Меруенов Серік Төлегенұлы, 1973 жылы 27 қазанда Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Ойыл селосында дүниеге келген.

2000-2005 жылдары тарих және география мамандығы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетін бітірген.

2014-2016 жылдары құқықтану мамандығы бойынша «Қайнар» Академиясында білім алған. Еңбек жолын Серік Төлегенұлы 1990 жылдың шілде - 1991 жылғы желтоқсан айлары аралығында Қайыңды селолық округі Амангелді совхозында жұмысшы қызметімен бастаған.

1991 - 1993 жылдары Совет армиясының қатарында болған.

1994 – 1997 жылдары Ойыл аудандық байланыс торабында жұмысшы қызметін атқарды.

2002 - 2006 жылдары №2 кәсіптік лицейде ескери жетекші мұғалім қызметін атқарған.

2006 - 2007 жылдары Ойыл ауылдық округі өкімі аппаратының жетекші маманы қызметін атқарған.

2007 - 2010 жылдары Ойыл ауданы өкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарған.

2010 - 2012 жылдары Ойыл қазақ орта мектебінде алғашқы ескери дайындық пөнінің мұғалімі қызметін атқарған.

2012 – 2013 жылдары Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің бас маманы қызметін атқарған.

2013 – 2015 жылдары Ойыл ауданы өкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

2015 жылдың сәуір айынан бастап қазіргі тағай Ойыл ауданы өкімі аппаратының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелерін үйлестіру бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

2011 жылы «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медалімен наградталған. Қажырлы еңбегі арқасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті және облыс өкімінің бірнеше алғыс хаттарымен марапатталған.

Отбасылы 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.



3-і тамыз аралығында облыс орталығында жалғасты.

P.S. Жоғарыда жазылған мақаланы түйіндеп келе біздің басты айтарымыз құрметті жерлестер (көлік жүргізушілер) адам өміріне қауіп төндіретін олқылықтар болмас үшін

айтынан бір күн бұрын мал сойып, шек беріп, айт күні құрбан шалмай-тындар да бар. Бұл жоғарыда айтылған хадисте Пайғамбарымыз с.а.с. **«Кімде кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жерімізге жақындамасын!»** - деп бұйырған. Басым көпшілігі шектік шалып, артынан бұл құрбандық малы деп ұштастырып жатады. Бұл қате пікір. Себебі құрбан шалу үшін жоғарыда айтқанымыздай уақыттың кіруі міндетті. Оған дейінгі шалынған мал нәпіл есебінде кетеді. Бұның бір ұтымды жолы айт күні дүйім жұртпен құрбан шалып, сол құрбандықтың сауабын өлі аруақтардың рухына тие бергей десек еш айыбы жоқ. Яғни сіз өрі құрбандық өрі шектік шалған болып есептелесіз.

Айт күні мұсылмандар көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын» айтысады. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күлде, жылы жүзді, көшірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен кісілер қайта табысып, Айтта бір-бірін кесіріскен жөн. Ауырып жатқан кісілердің кішігірім сұрап, арнайы бас сүгу, жетім, жесір, мүң-мұқтаждарға көл ұшын беріп, көмектесе алса көмектесу, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса, өке-шешесіне, жанұясындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сөлем-сауқат, сый-сыяпат жасап айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Айтта осындай амалдардың жасау қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген жылылықтары мен сыйлас-тықтарын барынша арттырады.

P.S. Баршаларыңызды алдағы келе жатқан Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Алла тағала баршамыздың шалған құрбандығымыз бен ниеттерімізді қабыл етіп айттан-айтқа жетуімізді нәсіп етсін. Әмин!

Нұрсұлтан СЕРІКҰЛЫ,
Ойыл аудандық орталық мешітінің бас имамы.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

22 шілде 2019 жыл №316 Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 106, 109 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №3-11-155 тіркелген, 2019 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 тармақта: 1) тармақшасында: кірістер «4 805 735» сандары «4 748 397» сандарымен ауыстырылсын; трансферттер түсімі «4 484 631» сандары «4 427 293» сандарымен ауыстырылсын; 2) тармақшасында: шығындар «4 816 766» сандары «4 759 428» сандарымен ауыстырылсын; 3) таза бюджеттік кредиттеу «50 157» сандары «51 487» сандарымен ауыстырылсын; оның ішінде: бюджеттік кредиттер «64 388» сандары «65 718» сандарымен ауыстырылсын; 5) тармақшасында: бюджет тапшылығы (профициті) «-61 188» сандары «-62518» сандарымен ауыстырылсын;	6) тармақшасында: бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) «61 188» сандары «62 518» сандарымен ауыстырылсын; 7 тармақта: екінші абзацта: «338 579» сандар «230 816» сандарымен ауыстырылсын; 9,10,11,12,13 және 14 абзацтар алып тасталсын; және келесідей мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға - 339 391 мың теңге.». 8 тармақта: екінші абзацта: «64 388» сандары «65 718» сандарымен ауыстырылсын;	9 тармақта: келесідей мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту, жайластыру және (немесе) сатып алу -20 000 мың теңге.». 10 тармақта: сегізінші абзацта: «6 000» сандары «9 500» сандарымен ауыстырылсын; он үшінші абзацта: «10 074» сандары «20 074» сандарымен ауыстырылсын; және келесідей мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын: «нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытуға – 20 020 мың теңге; мемлекеттік атаулы өлеуметтік көмек төлеуге - 7 000 мың теңге; мәдениет ұйымдарының күрделі шығыстарына- 2100 мың теңге.».
--	---	--

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамда белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: С.Туремуратов	Аудандық мәслихат хатшысы: Е.Жиеналин
--	--

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы
22 шілдедегі № 316 шешіміне қосымша
Аудандық мәслихаттың 2018 жылғы
24 желтоқсандағы № 239 шешіміне 1 қосымша

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (мың теңге)
1	01	2	I. Кірістер Салықтық түсімдер Табыс салығы Жеке табыс салығы Өлеуметтік салық Өлеуметтік салық	4748397 267910 95809 95809 119476 119476
	03	1	Меншікке салынатын салықтар	45923
	04	1	Мүлікке салынатын салықтар	33211
		3	Жер салығы	232
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	8680
		5	Бірыңғай жер салығы	3800
	05	2	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	5272
		3	Акциздер	219
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2900
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	2153
08			Зандық маңызы бар өрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттарбергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1430
		1	Мемлекеттік баж	1430
2	01		Салықтық емес түсімдер	45094
			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	6710
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	6694
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	16
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды,қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды,қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	10
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	700
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	700
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	37674
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	37674
3	01		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8100
			Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3100
	03	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	3100
			Жерді және материалдық емес активтерді сату	5000
		1	Жерді сату	5000
4	02		Трансферттердің түсімдері	4427293
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4427293
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4427293

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарла-малардың өкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (мың теңге)
01	1			II. Шығындар Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	4759428
01	1	112	001	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	491922,2
				Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	155045,2
				Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	20028
01	1	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің аппараты	20028
01	1	122	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	88302,2
				Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	76791
				Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	1364
01	1	123	113	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің аппараты	10147,2
01	1	123	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ өкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	46715
01	2			Қаржылық қызмет	46715
01	2	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	17545
01	2	452	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17545
				Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	16905
01	2	452	003	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	292
			010	Жоспарлау және статистикалық қызмет	348
01	5			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	16105
01	5	453		Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16105
				Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15835
			004	Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	270
				Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	303227
				Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23198
			001		23198

РЕШЕНИЕ УИЛСКОГО РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

22 июля 2019 года №316 с.Уил

О внесении изменений и дополнений в решение районного маслихата от 24 декабря 2018 года № 239 «Об утверждении бюджета Уилского района на 2019-2021 годы»

В соответствии со статьями 106,109 Бюджетного кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение районного маслихата от 24 декабря 2018 года № 239 «Об утверждении Уилского районного бюджета на 2019-2021 годы»(зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 3-11-155, опубликованное4 января 2019 году в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде») следующие изменения и дополнения:

в пункте 1: в подпункте 1): доходы цифры «4 805 735» заменить цифрами «4 748 397»; поступления трансфертов цифры «4 484 631» заменить цифрами «4 427 293»; в подпункте 2): затраты цифры «4 816 766» заменить цифрами «4 759 428»; в подпункте 3): чистое бюджетное кредитование цифры «50 157» заменить циф- рами «51 487»; в том числе: бюджетные кредиты цифры «64 388» заменить цифрами «65 718»; в подпункте 5): дефицит (профицит) бюджета цифры «-61 188» заменить	цифрами «-62 518»; в подпункте 6): финансирование дефицита (ис- пользование профицита) бюджета цифры «61 188» заменить цифрами «62 518»; в пункте 7: в абзаце втором: цифры «338 579» заменить цифрами «230 816»; исключить абзацы 9,10,11,12,13 и 14; и дополнить абзацем следующего содержания: «339 391 тысяч тенге - на увеличение оплаты труда учителей и педагогов-психологов организаций начального, основного и общего среднего образования.». в пункте 8: в абзаце втором: цифры «64 388» заменить цифрами «65 718»; в пункте 9:	дополнить абзацем следующего содержания: «20 000 тысяч тенге - на проек- тирование, развитие и (или) обустр- ойство инженерно-коммуникацион- ной инфраструктуры.». в пункте 10: в абзаце восьмом: цифры «6 000» заменить цифрами «9 500»; в абзаце тринадцатом: цифры «10 074» заменить цифрами «20 074»; и дополнить абзацами следующего содержания: «20 020 тысяч тенге - на развитие продуктивной занятости и массо- вого предпринимательства; 7 000 тысяч тенге - на выплату государственной адресной социальной помощи; 2 100 тысяч тенге - на капитальные расходы организаций культуры.».
---	---	---

2. Приложения 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилскогорайонногомаслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актобинской области;

2) направление настоящего решения на официальное опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.

4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

Председатель сессии районного маслихата: С.Туремуратов	Секретарь районного маслихата: Е.Жиеналин
---	--

Приложение к решению районного
маслихата от 22 июля 2019 года № 316
Приложение 1 к решению районного
маслихата от 24 декабря 2018 года №239

БЮДЖЕТ УИЛСКОГО РАЙОНА НА 2019 ГОД

Категория	Класс	Подкласс	Наименование	Сумма (тыс.тенге)
1	01	2	I. Доходы Налоговые поступления Подоходный налог Индивидуальный подоходный налог	4748397 267910 95809 95809
	03	1	Социальный налог	119476
	04	1	Налоги на собственность	45923
		3	Налоги на имущество	33211
		3	Земельный налог	232
		4	Налог на транспортные средства	8680
		5	Единый земельный налог	3800
	05		Внутренние налоги на товары, работы и услуги	5272
		2	Акцизы	219
		3	Поступления за использование природных и других ресурсов	2900
		4	Сборы за ведение предпринимательской и профессиональной деятельности	2153
	08		Обязательные платежи, взимаемые за совершение юридически значимых действий и (или) выдачу документов уполномоченными на то государственными органами или должностными лицами	1430
		1	Государственная пошлина	1430
2	01		Неналоговые поступления	45094
			Доходы от государственной собственности	6710
		5	Доходы от аренды имущества, находящегося в государственной собственности	6694
		7	Вознаграждения по кредитам, выданным из государственного бюджета	16
	02		Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемые из государственного бюджета	10
		1	Поступления от реализации товаров (работ, услуг) государственными учреждениями, финансируемые из государственного бюджета	10
	04		Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемые из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемые из бюджета (сметы расходов)	
		1	Национального Банка Республики Казахстан	700
			Штрафы, пени, санкции, взыскания, налагаемые государственными учреждениями, финансируемые из государственного бюджета, а также содержащимися и финансируемые из бюджета (сметы расходов)	
		1	Национального Банка Республики Казахстан, за исключением поступлений от организаций нефтяного сектора и в Фонд компенсации потерпевшим	700
	06		Прочие неналоговые поступления	37674
			Прочие неналоговые поступления	37674
3	01	1	Поступления от продажи основного капитала	8100
			Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями	3100
		1	Продажа государственного имущества, закрепленного за государственными учреждениями	3100
	03		Продажа земли и нематериальных активов	5000
			Продажа земли	5000
4	1		Поступление трансфертов	4427293
	02		Трансферты из вышестоящих органов государственного управления	4427293
		2	Трансферты из областного бюджета	4427293

Функ. группа	Функ. подгруппа	Администратор	Программа	НАИМЕНОВАНИЕ	Сумма (тыс.тенге)
01	1			II. Затраты Государственные услуги общего характера Представительные, исполнительные и другие органы, выполняющие общие функции государственного управления Аппарат маслихата района (города областного значения) Услуги по обеспечению деятельности маслихата района (города областного значения) Аппарат акима района (города областного значения) Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения) Услуги по обеспечению деятельности акима района (города областного значения) Капитальные расходы государственного органа Целевые текущие трансферты из местных бюджетов Аппарат акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа Услуги по обеспечению деятельности акима района в городе, города районного значения, поселка, села, сельского округа Финансовая деятельность Отдел финансов района (города областного значения) Услуги по реализации государственной политики в области исполнения бюджета и управления коммунальной собственностью района (города областного значения) Проведение оценки имущества в целях налогообложения Приватизация, управление коммунальным имуществом, постриватизационная деятельность и регулирование споров, связанных с этим Планирование и статистическая деятельность Отдел экономики и бюджетного планирования района (города областного значения) Услуги по реализации государственной политики в области формирования и развития экономической политики, системы государственного планирования Капитальные расходы государственного органа Прочие государственные услуги общего характера Отдел предпринимательства и сельского хозяйства района (города областного значения)	4759428 491922,2 155045,2 20028 20028 88302,2 76791 1364 10147,2 46715 46715 17545 17545 16905 292 348 16105 16105 15835 270 303227 23198
		112	001		
		122			
			001		
			001		
			003		
		123			
			113		
			001		
	2				
		452			
			001		
	5				
		453			
			001		
	9				
		454			

(жалғасы келесі санда)

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Ойыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 маусымдағы №107 «Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Заңының 8, 27 баптарына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңының 50 бабына сәйкес, Ойыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:
1. Ойыл ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 14 маусымдағы №107 «Ойыл ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6256 болып тіркелген, 2019 жылғы 18 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулыға келесідей өзгерістер енгізілсін:
қаулы қосымшасындағы Ойыл ауылы бойынша «Б.Жолмырзаев көшесі, №3 ғимаратының оң жағында орналасқан ғимарат» сөзі алынып, Б.Жолмырзаев көшесі мен И.Құрманов көшесінің қиылысы деп өзгертілсін.
2. «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде және мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Кенжебаевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі А.Қазыбаев

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУДЫҢ ӨЛШЕМІ

Қолжетімділікті қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру –мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Тұңғыш Елбасы Н.Ә Назарбаев «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында «Мемлекеттік қызметтер көрсету үдерісі мейлінше оңтайлануға тиіс. Құжаттардың мерзімі мен тізбесін қысқартып, қайталанатын рәсімдерді жою керек. Бұл орайда адамның өзінің баруын қажетсінбейтін толық электрондық форматқа көшіру керектігіне» ерекше назар аударды.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы – мемлекеттік органдардың жұмысын бағалаудың басты өлшемі болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету барлық саланы, соның ішінде азамат дүниеге келген кезден бастап барлық өмір сүру кезеңінде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекетпен тығыз байланыста болатындығы белгілі.

Осының негізінде азаматтар мемлекеттің қызметіне толықтай тәуелді, яғни мемлекеттік қызмет көрсетуші органдардың басты мақсаты азаматтардың өмір сүруіне тиісті жағдай жасау.

Мемлекет басшысы «XXI ғасыр барған сайын күрделеніп бара жатқан бүгінгі заманғы мемлекетті басқаруға жоғары талаптар қояды»,- деген болатын. Мемлекеттік қызметте қағазбастылықтан арыла алмай келе жатқанымыз рас. Осыған байланысты Елбасы халыққа арнаған жолдауында ең еуелі рұқсат беру құжаттарының тізбесін қысқарту керектігіне тоқталды. Электрон-ды үкіметті дамыту, халықтың компьютерлік сауаттылығын көтеру, халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін жақсарту, сол арқылы мемлекеттік қызмет арттыру жөнінде қадау-қадау тапсырма жүктеді. Олардың орындалуы –басты назарда. Мемлекет басшысының мұндай саясаты

еліміздің одан әрі өркендеуіне, халқымыздың өл-ауқатының артуына, сыбайлас жемқорлық көріністері мен бюрократтық тосқауылдардың азаюына негіз болады.

Елбасының айқындап берген тапсырма, міндеттеріне сәйкес, 2013 жылдың 15 сәуір күні «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заң қабылданды.

Қабылданған заң талаптары көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша жаңа көзқарастарды қалыптастырып, негізінен қызмет алушы және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында Заңда көрсетілген қызмет сапасымен қанағат тұтпайтыны, шағымдар болатынына байланысты, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған. Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына бақылау жасау мен оны бағалау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқолықа қарсы іс-қимыл агенттігіне және оның аумақтық құрылымдарына берілген.

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызмет қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілген мемлкеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет дегеніміз – көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің негізгі қағидаттары:

- Көрсетілген қызметті алушылардың тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, тіліне, ұлтына, дінге көзқарасына немесе кез келген өзге жағдаяттар

бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңде қол жеткізуі.

- Мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде төрешілік пен сөзбұйдалық көріністеріне жол бермеу.

- Мемлекеттік көрсетілген қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі.

- Мемлекеттік қызметтер көрсету кезіндегі үнемділік және тиімділік.

Жоғарыда атап өткендей, көрсетілген қызметті берушілердің мемлекеттік қызметті көрсетуіне қойылатын талаптары мен оларды көрсету тәртібі мемлекеттік көрсетілген қызметтер стандарты мен регламентінде айқындалады.

Стандарт – мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды белгілейтін, сондай –ақ мемлекеттік қызметкөрсету процесінің, нысанының сипаттамаларын, мазмұнын және нәтижесін қамтитын нормативтік құқықтық акт.

Регламент – мемлекеттік көрсетілген қызмет-стандартын сақтау жөніндегі талаптарды белгілейтін және көрсетілетін қызметті берушілер қызметінің тәртібін, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету процесінде өзге де көрсетілген қызметті берушілермен, мемлекеттік корпора-циямен өзара іс-қимыл, сондай-ақ ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық акт.

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында «Мемлекеттік қызмет көрсету – бұл еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіші»,-деп атап өткен. Осыған байланысты, мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін арттыруға және аталған саланың дамуына болашақта да көбірек көңіл бөлуіміз керек.

Т.ҚОЖАХМЕТОВ,
Қайыңды ауылдық округінің әкімі.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

О внесении изменений в постановление акимата Уилского района от 14 июня 2019 года № 107 «Об определении специально отведенных мест для осуществления выездной торговли на территории Уилского района»

В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьями 8, 27 Закона Республики Казахстан от 12 апреля 2004 года «О регулировании торговой деятельности» и статьей 50 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах», акимат Уилского района **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Внести в постановление акимата Уилского района от 14 июня 2019 года № 107 «Об определении специально отведенных мест для осуществления выездной торговли на территории Уилского района» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №6256, опубликованное 18 июня 2019 года в информационно-правовой системе нормативных правовых актов Республики Казахстан «Әділет») следующие изменения:

в приложении к постановлению по селу Уил исключить слово «здание, расположенное справа от здания по улице Б. Жолмырзаева №3», переименовать улицу Б. Жолмырзаева на пересечение улицы И. Курманова.

2. Государственному учреждению «Аппарат акима Уилского района» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего постановления в Департаменте юстиции Актюбинской области; 2) направление настоящего постановления на официальном опубликование в Эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде и в периодических печатных изданиях. 3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима района А.Кенжебаева. 4. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Аким района А.Казыбаев

ЕҢБЕК ДАУЫН ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Қазақстан Республикасында ер-кімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін өз қалауы бойынша еркін таңдауға құқығы бар. Осы аталған мәселе Ата заңымыз Конституцияның 24-бабында айтылған. Яғни өркімнің еңбек ету бос-тандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі.

Сонымен қатар өркімнің кәуіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қор-ғалуға құқығы бар және заңмен бел-гіленген төсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады. Өркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заң-мен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі. Кез-келген азамат жұмыстан заңсыз шығарылып, бос жүрген уақытына өтемақа алуға толықтай құқығы бар. Осы аталған мәселені реттейтін заң нормалары нақты белгіленген. Осы аталған мәселе бойынша 2019 жылы Ойыл аудандық сотында жұмыстан заңсыз шығарылып, бос жүрген уақытына өтемақы алу туралы талап арыз қаралып, талапкердің талап арызы қанағаттандырылды.

Еңбек дауы оның ішінде жұмыстан шығарылу фактілерін сотқа дейін жеткізбей келісім комиссиясымен

реттеген сәтте азаматтардың сот шығындарына төленетін қаржысын және өздерінің уақыттарын үнем-деуде өз септігін тигізері анық. Келісім комиссиясының міндеттері Қазақ-стан Республикасының 2015 жылы қабылданған Еңбек кодексінде нақты айтылған. Атап айтқанда еңбек дауы бойынша мәселелер бірінші кезекте келісім комиссиясында қаралуға міндетті екендігі көрсетілген. Келісім комиссиясы ұйымдарда және оның филиалдары мен өкілеттіктерінде құрылатын тұрақты орган болып табылады. Қазақстан Республи-касының Еңбек кодексінің 159 бабы-ның 1 бөлігінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін және заңды тұлғаның атқарушы органының басшыларын қоспағанда, жеке еңбек дауларын – келісу комиссиялары, ал реттел-меген мәселелер не келісу комисси-ясы шешімінің орындалмауы бойын-ша соттар қарайды делінген. Келісу комиссиясы жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдерінің бірдей санынан тепе-тең негізде ұйым-дарда, оның филиалдары мен өкілдік-терінде құрылатын, тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады.

Еңбек дауларын сотқа дейінгі шешудің тиімді жолдарының бірі медиация рәсімі болып табылады. Медиация рәсімі-ол тараптардың ерікті түрде келісімі бойынша еңбек дауларын өз ара сотқа талап арыз бермей ақ шешу жолы. Медиация рәсімін медиатор жүргізеді.

Е.Алтыбаев,
Ойыл аудандық сотының бас маманы.

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:					
Отбасының табысы:					
Р/с №	Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің) Т.А.Ә.	Табыс түрі	Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге)		Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер
			тоқсанға	орта есеппен айына	
6. Мыналардың: _____ автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыстар) _____ қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек, өзге де тұрғын үйдің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыстар)					
7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі): _____					
8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі): _____					
9. Балалардыңмектепкерек-жарағымен, киіммен, аяқкиімменқамтамасызетілуі _____					
10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайлары _____					
Комиссия төрағасы: _____					
Комиссия мүшелері: _____					
_____ (қолдары) _____ (Т.А.Ә.)					
Жасалған актімен таныстым: _____					
Өтініш берушінің Т.А.Ә. және қолы _____					
Тексеру жүргізілуден бас тартамын _____ өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) Т.А.Ә.және қолы, күні _____					
_____ (өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)					

Ойыл ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 3-қосымша

Учаскелік комиссияның № ____ қорытындысы

20__ ж. « ____» _____
Учаскелік комиссия Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, өкесінің аты)
өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттардың және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде _____
(қажеттілігі, қажет еместігі) өтініш беруші
адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдын туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады

Комиссия төрағасы: _____
Комиссия мүшелері: _____

_____ (қолдары) _____ (Т.А.Ә.)

Қорытынды
қоса берілген құжаттармен _____данада 20__ ж. « ____» _____ қабылданды.
Құжаттарды қабылдаған ауылдық округ әкімінің немесе уәкілетті орган қызметкерінің Т.А.Ә., лауазымы, қолы _____

Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
_____ тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1621 дана. Тапсырыс №960
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

**«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.**

АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУЕТІ АДАМЫНДА

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ АҚКЕМЕР, ТАЙСОЙҒАН ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Қиылдың бойын қиялай қонған шаруаға қолайлы ауылда басты мәселе мектептің болашағы. Мектеп дегенде осыдан төрт жыл бұрын салынған жаңа мектеп бар. Тек мәселе – бала санында. Өйткені, су жаңа мектеп қансырап қалғалы тұр. Орта мектеп деген аты ғана қалды. Небәрі 66 оқушы қалыпты. Ауыл тұрғындарының сауалдары да аз емес екен. Алайда, сауалдың бөрінің негізі сайып келгенде жол қатынасына тіреледі. Өрине, 11 шақырым жол бір ауылды ойландырып отыр. Әсіресе, қыс кезінде. Сол жолдың жырақтығы жастардың қалаға «қашуына» түрткі болып отырса керек. Дегенмен, ауылда тұрып, шаруасын дөңгелетіп отырғандар жеткілікті. Сондықтан, аудан әкімі де ауыл тұрғындарын шағын көсіпкерлікпен айналысуға шақырды. Өйткені,

ауылда атаулы көмекке «ауыз ашып» отырғандар көп. Сонымен қатар, Саралжындағы дәрігерлік амбулаторияның қызметіне сын айтушылар да аз болған жоқ. Бұрын негізінен лиманды шабындыққа иек артатын тұрғындар өлі шөп түсірмейті. Биыл көлтабаңды шабындыққа су шыққан жоқ. Малдары еркін жатқан ауылда шабындықты қорғау, қору да басты мәселе болыр отыр. Ал, Тайсойған ауылының тұрғындары негізінен ауыз су мәселесін көтерді. Ауылға салынып жатқан мектеппен қатар көгілдір отынның құбыры тартылып, күзде үлкен қуанышқа кенелгелі отырған тұрғындарға өкім негізінен үйдің құжаттарын ертерек қамдауды ескертті. Екі ауылда да тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға сала басшылары жауап берді.

ӨЛЕҢІ ӨНЕГЕ ЖАН

Ақындық өнер жүздің біріне қонатын қасиет. Қазір бала ақын да көп, шал ақын да көп. Шала ақын да көп. Одан қалса дала ақыны да, қала ақыны да бар. Бөрінің де осы өнерге таласы бар. Осы бір Төңірдің сыйы біреуге ерте, біреуге кеш қонады. Өлең-сөздің киесін ұғынғандар ауырып жырлайды, ұғынбастар даурығып жырлайды. Әйтеуір тынбайды. Иә, рас. Ақындық ауыр жол. Аласқапаста шабытпен алысу, жұрттың жүрегінен жол табу бөрі-бөрі ақынның басынан өтетін жағдай. Кейде ұйқас іздеп, ұйытқысынан айырылып жататындар да жетерлік.

Әйтсе де, Сарбие топырағында қара өлеңнің томағасын сыпырып, жерлестерінің жүрегінен жол тауып жүрген жандардың бірі Самат Сарин. Жетпістен шығып, сексенге қарай қадам басқан ақсақалдың шимай-шатақтары жанқалтасынан түспейді. Осына жасқа келсе де, қолынан қалам түспеуінің себебі, қоғамда орын алып жатқан оқиғалар болса керек. Өлеңдері кейіпін буынды адамгершілік пен отансүйгіштікке үндейді. Қойын дәптерінің әр парағында жазылған жыр жолдарын оқысаң тәлім-тәрбиеге толы. Кейбір туындыларына көз жүгіртсек, саясаттан да сыр тарқатады. Кейде той-топырларда да жаңа түскен келінге, ұзатылған қаракез қыздарымызға арнап өлеңдерін оқиды. Бөрің де өз ойынан шығарады екен. Біз айтып отырған Самат ақсақал талай мәрте редакциямыздың есігін қағып келді. Сондықтан қарияның қарым-қабілетінен гөрі, өнегеге толы өлең жолдарын елеп газетімізге жариялауды құп санадық. Еңдеше Самат атамның өлеңдерін сараптап келе назарларыңызға «Немере бақытым сен» өлеңін ұсынамыз.



Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл селосы.

Немере бақытым сен

Көрмесем жаным балам,
Жабырқап көңілім алаң.
Нұрлы бейнең кетпейді-ау еш,
Көз алдымнан, көз алдымнан.

Бақытты-ау балалық шақ,
Мәз-мейрам көңілің шат.
Еш нәрсе ойламайтын,
Тек қана сөбілік шақ.

Өмірің гүл жайнасын,
Көңілің мұңаймасын.
Әлпештеп, аялаған,
Ата-анаң бақыт тапсын.

Немере ғажап тәтті,
Әр қылығы балдан тәтті.
Еркелеп асылғаның,
Алланың берген бағы.

Арманға жеткен де бар,
Артына қарай-қарай.
Арманда өткенде бар,
Баладан бала көру, арманым бар.

Сен айым гүл бақытым,
Арнұрым нұр бақытым.
Көргенде шат күлкіңді,
Жүректен жыр ағыттым.

Қылмыстық және азаматтық сот өндірісінде медиацияның тиімділігі

Қазақтың билері – бүгінгі күннің судьялары. Ал сол билердің халық алдындағы беделі оларды халықтың мойындауымен артып отырған. Ал, өзі сыйлаған, өзі дәріптеген өрі мойындаған адамның билігін ешкімнің бұзбайтыны өз кезегінде тәуелсіз өрі әділетті сот төрелігін жүзеге асыруға негіз болғаны даусыз. Билер халықтың сенімді өкілі, халықтың ары болып табылды.

Олар қазақ құқығының басты жүктеушісі және мемлекеттің функцияларын іске асырушы бола отырып хандардың кеңесшісі болған. Бұрын қазақ қоғамындағы әділетті, тұрақты іс жүзінде қамтамасыз еткен де осы қазақтың билері еді. Олар тоқсан рулы елдің дауларын тоғыз ауыз сөзбен түйіндеп, татуластырып отырған дана бабаларымыздың бірегей өрі дара тұлғалары – қазақтың үш жүзін біріктіре білген Төле би, Қазыбек би, Өйтеке билер ел арасындағы кез – келген дауларды бітімгершілік жолымен шешіп отырған.

Ал осындай дана шешімдер өз кезегінде халқымыздың бірлігін, жеріміздің тұтастығын сақтап отыруға шексіз үлес қосқан. Қазақ халқы үшін бітімгершілік – билік айтудың ең

өзық өнегесі. Сол қазақтың билері салған сара сурлеуді жаңғыртып, өлемдік заңдылықтарды саралап отырып, соған сай толықтырулар қосып, Қазақстан елінде «Медиация туралы» заңының дүниеге келуі, бұл ең алдымен қоғамның қажеттілігінен туған дүние.

«Медиация туралы» заң дала даналығының дара заңдылыққа айналуының нақты көрінісі. Елімізде 2011 жылдың 28 қаңтарында шыққан және қолданысқа тамыз айында енген «Медиация туралы» заң сот жүйесіне жаңашыл өзгеріс енгізіп, дауды шешудің тағы бір тетігін айқындап берді. Осы заң қолданысқа енгізілгенге дейін талай құқықтық сүзгіден өтті, өзге елдердің тәжірибелері де сараланды.

Жаңа заң ресми түрде 2011 жылғы 5 ақпанда жарияланды және сол арқылы азаматтардың құқықтарын қорғаудың балама нысандары да мұнының жаңа кезеңін белгіледі. Медиация делдалдықтың нысаны ретінде біздің елде жеке іс жүргізу құқығы институты ретінде заңды түрде белгіліліп, заңнаманың ойынша олар соттарға нақты және жүйелі бәсекелес болуы тиіс. Медиация – үшінші бейтарап тұлға – медиа-

тордың көмегімен іске асырылатын соттан тыс дау – жанжалды шешу рәсімі, өрі балама шешудің неғұрлым жұмсақ нысаны болып табылады.

Медиацияның тиімділігі жөнінде тағы бір ескеретін жайт, бұл жерде екі тарап ортақ келісімге келетіндіктен шешімнің орындалу деңгейі жоғары болмақ. Соттағы іс жүргізу процесінен айырмашылығы, медиация еркін процесс. Заңға сәйкес медиация рәсімін медиатор жүргізеді, яғни ол тараптармен кесібі және кесібі емес негізде медиацияны заң талаптарына сәйкес жүргізуге тартылған тәуелсіз жеке тұлға.

Медиатордың негізгі функциясы бұл тараптардың бірінғай көзқарасын қалыптастыру, бұл ретте медиатор мәселені шешу жолын өз көзқарасы бойынша тараптарды көндіруге құқылы емес, себебі, бұл кезде тараптар жүргізілген рәсім нәтижесінің дұрыстығына көміл сенеді. Заңға сай медиация рәсіміне қатысудың шарты тараптардың өзара ерікті ниет білдіруінен көрініс табады. Дегенмен, екі тарап өзара ерікті ниет білдіріп отырса, олар медиатор іздеймі – ақ мәселелерін өзара шешуге, ортаға ағайындар салуға талаптанып жатады.

АЛҒАШҚЫ ТУРНИР АҚТӨБЕНІҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Шілде айында Ақтөбе облысы қаласының 150 жылдығына және жастар жылына арналған шағын футболдан аялдану лига ұйымдастырылып өткізілді.

Лиганың қорытындысы бойынша 3 орынды СӨТ командасы иеленсе, 2 орынға Көкжар командасы қол жеткізді. Ал, тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған жарыстың бас жүлдесі Қайрат командасына бұйырса,

турнирдің үздік ойыншысы болып Ермахан Ешімов танылды. Үздік шабуылшы номинациясы Нұрлан Ешімовтің еншісіне тисе, Айбар Шурин үздік қақпашы атанды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге аудан әкімдігінің ауыспалы кубогі табыс-талды. Осы жарысқа аудан көсіпкерлері Құлжамал Әліп пен Аманғали Әміргали қаржылай демеушілік жасады.

2019 ЖЫЛДЫҢ ІІІ- ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты	Займолдин Сәкен Ғазизұлы Округ әкімі	4,11,18,25, шілде 1,8,15,22,29 тамыз 5,12,19,26 қыркүйек Уақыты: сағ.-10:00 ден –12:30 ға дейін	Еңбеккерлер көшесі №6	73-6-01 akimat-karaoi@mail.ru

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

«Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды. **Сенім телефоны 73 – 6 – 01** немірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс – пікір салу үшін жөшік орнатылған.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Ойыл аудандық полиция бөлімі қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа жол берген фактілері болса, тұрғындардың бөлімдегі 2-10-26 сенім телефонына хабарласуыларын өтінеміз. Сонымен қатар, бөлімде тұрғындардың арыз-шағымдары үшін арнаулы жөшік орнатылған.

Электронды қызметтер жемқорлыққа жол бермейді

Сыбайлас жемқорлық қазіргі таңда ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Бұл мәселе мемлекеттік кірістер басқармаларының беделіне нұқсан келтіруде. Енгізілетін жаңа кодекстің жасақталуына кез-келген тұрғын қатысып, өз ұсыныстарын бере алады. Сонымен қатар салық органдары электронды қызмет көрсету саласын жетілдіру үстінде. Мәселен, салық төлеушінің кабинеті электронды қызметі арқылы көсіпкерлерді тіркеу, салықтық берешегінің бар немесе жоқтығы туралы анықтама алу, салық органдарымен жіберілген хабарламаларға электронды түрде жауап беру, салықтық төлемдер жасау мүмкіншіліктері бар. Осы салық төлеуші кабинеті арқылы басқалық қызмет түрлерін де алуға болады. Бұнын бөрі салық төлеушілердің салық саласына деген сенімділігін және жеке көсіпкерлікті дамуын арттыру мақсатында жасалып жатқан нақты қадамдар.

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ЖЕДЕЛ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫ

Бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Бұл өлемде ең көп таралған инфекциялардың қатарына жатады. Жұқпалы жедел ішек ауруларының бас көтеретін мезгілі қазіргейдей жаз айлары болып есептеледі. Ішектің ауруға шалдығуынан, кейде іштің бұзылуы организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты. Ішек инфекциясы жұқпалы ауру. Инфекция ауыз арқылы жұғып, қоздырғышы ішекте өсіп жетіледі де, микробтары нәжіспен ілесіп сыртқы ортаға тарайды.

Инфекция гигиеналық тазалықтың төмен дәрежеде болуынан, азық-түліктерден, мәселен, жуылмаған көкөністерден, пісірілмеген сүттен, сапасыз тағамдар пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, сондай-ақ, ауыз суды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен жуады.

Аурудың алғашқы белгілері.
Іштің жиі-жиі судай өтуі, дене

қызуының көтерілуі, емшектен бас тарту, асқа төбелі болмау, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, селқостық, мазасыздық, ауырыну, дәретіне қан қоспасының немесе кілегейдің қалпауы болуы. Науқастың жиі құсып, іш өткен сайын жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өзіндегі тіршілікке қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастаса дәрігерге көрінуі керек. Мұндай кезде дәрігер келгенге дейін біраз уақыт кетеді. Сондықтан мүмкіндігінше ем жасай бастаған жөн. Ол үшін сұйықтықты мол, көбірек ішкізген жөн. Антибиотик қолдануға болмайды, өйткені аурудың клиникалық сипатын өзгертеді, мұның өзі дұрыс диагноз қоюды қиындатады.

Шынында біз күн сайын күні бойына қолымызбен айналадағы кір заттармен жанасамыз. Ішек инфекцияларының пайда болуының алдын алу үшін тағамдық азық-түліктердің жарамдылығы сапасы өте маңызды – көптеген тағамдарда бактериялар тек қана өміршендігін сақтап қана

қоймай, олар ауру тудырушы адамның қолымен тағамды ауызына апарғанда асқазан-ішек жолына кір қолы арқылы, ластанған су арқылы, сапасыз азық-түліктер арқылы түсіп қарқынды түрде көбейеді. Әсіресе, тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтіпмелі тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салаттар, винегреттер, сондай-ақ жемістер мен жидектер жатады. Салаттар мен винегреттерді, өртүрлі тұздықтар мен гарнирлерді тоңазытқышсыз түнге қалдыруға болмайды. Жаз және күз маусымында сүт және сүт өнімдерінде бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдайлардың туындауының білу керек. Жеке адамдардан сатып алған құйылып сатылатын сүтті міндетті түрде қайнату керек. Дайын тағам қалдықтарын міндетті түрде тоңазытқышта беті жабық ыдыста, шікі мен дайын тағамды бөлек ыдыста сақтау керек, оларды бөлек тақтайларда арнайы пышақтармен бөлу керек. Дүкендерде тауық еті сатылғанда +2, +3 градус-тық температурада 2 тәуліктен артық болмауы керек, бөліме темпера-

турасында жұмыртқа 25 тәуліктен артық сақталмауы керек. Құс еті мен жұмыртқаны сатып алғанда, олар қорықпа болса да, бөлек пакеттерге салу керек.Өнімдердің жақсылап қуырылуы мен қайнатылуына көңіл бөліңіз. Етті қайнатқанда ірі кесек жасамай 1 сағаттан кем емес, жұмыртқаны 15 минуттан кем емес қайнату керек (осы уақыт аралығында салмомонлалар толығымен жойылады). Жұмыртқаны шікі немесе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз. Ал ең кішкентай нәрестелерге келсек, оларды аурудан сақтау үшін қарапайым санитарлық-гигиеналық ережелерді, оларды құту кезінде: браны өрбі тамақтандыруды алдында және тамағын дайындау алдында қолды жақсылап сабындап жуу керек Кей жағдайларда ауру өте ауыр түрде өтіп, өмірге қауіп тудыруы мүмкін. Сол үшін «ауырып ем іздегенде, ауырмайтын жол ізде» деген сөздер өрқашан да өз маңызын жоймайды.

А.МАЙЛЫБАЕВА, Салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

ШӨПТІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ҚЫЗЫП КЕЛЕДІ

ӨТКЕН СЕНБІДЕ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА КЕЗЕКТІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ. БҮЛ ЖОЛҒЫ ЖӘРМЕҢКЕДЕ НЕГІЗІНЕН МАЛ АЗЫҒЫНА МАҢЫЗ БЕРІЛДІ. СОНДЫҚТАН, ШАРУАШЫЛЫҚТАР ТӨРТ МЫҢҒА ТАРТА ТЮК ПЕН 35 РУЛОН ШӨП ӨКЕЛДІ.



Ал, сиыр етін іздегендерді «Мұрагер» шаруа қожалығы қарқ қылды. Бағасы базардан өлдеқайда арзан етті талап кетті десе де болады. Қараойдан келген «Жолдығали» шаруа қожалығы өкелген 80 кг қой еті де сөреде көп кідірген жоқ. Тамыз туа қыстың ызғары сезілгесін шөпке де

сұраныс күшейіп келеді. Тұрғындар оның сапасы күн өткен сайын кемі беретінін де түсінген сыңайлы. Содан болса керек, жәрмеңкеге өкелінген шөптер тез өтіп кетті. Сонымен қатар, жәрмеңке сөресінен сары май мен қаймақ, тары-талқан да табылды.



«ЕРТЕ ҚАМДАНҒАННЫҢ ЕСЕБІ ТҮГЕЛ»

АТАМ ҚАЗАҚ ӘУЕЛБАСТАН «МАЛ-ЖАНЫҢ АМАН БА?» - ДЕЙДІ. НЕГЕ МАЛ – ЖАННАН БҰРЫН ТҰР? ДЕМЕК, МАЛЫҢ АМАН БОЛСА, ЖАНЫҢ ДА АМАН БОЛАДЫ. АЛ, ҚАЗАҚТЫҢ ТІРШІЛІГІНІҢ ТІРЕГІ - МАЛЫНЫҢ АМАН БОЛУЫ ОНЫҢ АЗЫҒЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЕКЕНІН АЙТЫП ЖАТУ АРТЫҚ ШЫҒАР...? «МАЛЫМ - ЖАНЫМНЫҢ САДАҒАСЫ, ЖАНЫМ – АРЫМНЫҢ САДАҒАСЫ» - ДЕЙТІН ДЕ СОНДЫҚТАН.

Данышпан Абай,
«...*Ерте барсам, жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен отырап күзеуде бай*» -

дейді. Негізінен мал шаруашылығымен айналысатын аудан үшін табиғаттың биылғы аптабы тіпті бөлек болды. Нағыз қырық күн шілде деген осы шығар? Жаз шыққалы жаңбыр жауамаған өңірде мал азығының түсімі төмен. Оның үстіне ауа-райы да мүмкіндік бермеді. Соған қарамастан дайындалған шөптің көбі қазір көрші облыстарға кетіп жатыр. Оны тоқтатудың жолы – тұрғындардың шөпті күзді күтпей қазір алуы. Оған жұрт өртүрлі себептермен өлі асығар емес. Оның алдын-алу үшін шаруашылықтармен меморандумдар жасалды. Белгілі мерзімге дейін шаруашылықтар шөпті алдын-ала келісілген бағаммен сатады. Одан кейін бағаны белгілеу шаруашылық басшысының еншісінде.

Ауданда бүгінгі күні ең өзекті мәселе – мал азығын дайындау. Қуаңшылықтың кесірі көп шаруаны ойландырып отыр. Өйткені күннің ыстығы мен жауын-шашынның аздығынан қырдың да, көлдің де шөбінің шығуы шаруалардың көңілін көншітпей тұр. Аудан орталығында бір бума

шөптің бөсі – 350 теңге. Ал, Қайыңдыда 250 теңге. «Жері байдың – елі бай» - деген сөздің күесі осы. Демек, бұл табиғаты бөлек аймаққа қуаңшылықтың көп кесірі тиген жоқ деген сөз. Бірақ, осындай сыйды уақытында толық игере алмай отырмыз. Оның жартысы «қызыл жалынның» құрбаны болып, күлі көкке ұшты.

Күннің ыстығы мен табиғаттың тосын мінезін қарамастан мал азығын дайындап жатқан жігіттердің көбі шаруаны кідіруін негізінен шөптің өтімі баулығыммен түсіндіреді.

«Қыстың қамын жазада ойлау» қажеттігін «шаруамен көзі шыққан адамға» түсіндіру артық шығар? Оның үстіне биылғыдай қуаңшылық жылы «Ерте қамданғанның есебі түгел». Ал, күзгі ауа-райының қандай болатынын ешкім білмейді. Екі күнігі нәсер кенезесі кепкен даланың шөлін басқанмен, күзде жауаын-шашынның мөлшері көбейетінін бөріміз білеміз. Ауылдың іргесіндегі шөпті аулаға жеткізе алмай қалған кездер болды. Табиғаттың «сабағы» ашы болатыны ақиқат. Сондықтан, «Шегірткеден қорыққан егін екпей-дінің» кебін кимей, ертерек қамдану керек.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ, Ойыл селосы.

Ойыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Ойыл аудандық білім қызметкерлер көсіподақ ұйымы, ӨДербісалин атындағы Саралжын орта мектебінің ұжымы бастауыш көсіподақ ұйымының төрайымы Бисалиева Зульфира Жақсылыққызына және туған-туыстарына анасы
Салтанаттың
қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

Ш. Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі ұжымы ардагер ағамыз, өлкетанушы Бисалиев Жақсылыққа және барлық отбасына жұбайы, аналары
Салтанат апайдың
қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ойыл балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы жаттықтырушы Жақсылықов Ықыласқа әжесі
Салтанаттың
қайтыс болуына байланысты, көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ

Ойыл селосы
Қансұлу Нұғыманқызы Нұрбаева
(03.08.1948ж - 13.04.1999 ж)

Аяулы анымыз Қансұлу Нұғыманқызы тірі болғанда 3 тамыз күні 71 жастың төріне шығар еді. Небәрі 50 жасқа толар толмаста Алланың жазуымен арамыздан мәңгілік сапарға кете барды.

Ана! Сенсіз өткен талай күндер мен өзіңді сағына күткен айлар мен жылдарға 20 жылдың жүзі толыпты. Анасы бар адамдарға қызығы да қызғана қараған кездерімізді, анасымен сырласатын бойжеткендерді көргенде, өмірдің кейбір сәтінде тек Ана ғана түсінетін адалдық пен махаббатты аңсаған күндерімізді кімге айтамыз!

Өзіңізге деген балалық сағынышымыз жүрегімізді мәңгі жылытады, Анашым. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, нұрың бейіштің төрінде шалқып, артыңда қалған өкеміз бен ұрпағыңызды желеп-жебеп жатқайсыз! *Еске алушылар: Жұбайы Мұхамбетжан, балалары, немерелері.*

Анамыздың 20 жылдық еске алу садақасы 10 тамыз күні «Зарина» мейрамханасында сағат 11.00-де беріледі.